**Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2025 жылдық есеп**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «8D06301 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы /білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесі

**Есепте мынадай мәліметтер бар:**

**1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер:** 3

**2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).**

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 7 адам, олардың ішінде 4 адам диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 3 адам докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

| № | Докторанттардың ТАӘ | Ғылыми жетекшілері | Докторант оқыған ЖОО |
|---|---|---|---|
| 1 | Ыдырышбаева Мөлдір Базарханқызы | 1.Ахметов Бахытжан Сражатдинович – техника ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);<br>2. Лахно Валерий Анатольевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық табиғатты және биоресурстарды пайдалану университеті (Киев қ., Украина). | әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті |
| 2 | Жұмабекова Айдана Төлеуқызы | 1. Усатова Ольга Александровна – PhD, қауымдастырылған профессор, ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының бас ғылыми хатшысы (Алматы қ., Қазақстан).<br>2. Eric T. Matson – PhD, профессор, Пердью Университеті (Уэст-Лафайетт қ., АҚШ). | әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті |
| 3 | Байспай Гүлшат Болатқызы | 1.Мусиралиева Шынар Женісбековна – физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан):<br>2.Терейковский Игорь Анатольевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық техникалық университеті «Игорь Сикорский атындағы Киев политехникалық институты» (Киев, Украина). | әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті |

**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

**1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;**

*Ыдырышбаева Мөлдір Базарханқызы*

*Диссертациялық жұмыста ақпараттық шабуылдардың белгілері әлсіз құрылымдалған* деректермен немесе жаңа қауіптерді тану есебіндегі нақты емес анықталған критерийлермен сипатталатын жағдайлар қарастырылады. Зерттеу жұмысының мақсаты – шабуылдардың белгілері әлсіз құрылымдалған деректермен сипатталатын жағдайларда Байес желілерін (БЖ) қолдану арқылы ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық коммуникациялық жүйелеріне шабуылдаушының қауіптерді іске асыру ықтималдығын бағалау сапасын арттыру.

*Жұмабекова Айдана Төлеуқызы*

Диссертациялық жұмыста есептеу ресурстары үшін деректер жиынының көлемін ұтымды азайтуға мүмкіндік беретін, белгілердің маңыздылығының статистикалық өлшеміне негізделген таңдау алгоритмі құрылды. Зерттеу жұмысының мақсаты – Интернет-ресурстарға төнген қауіптерді анықтаудың модельдері мен алгоритмдерін зерттеу және әзірлеу.

*Байспай Гүлшат Болатқызы*

Диссертациялық жұмыста әлеуметтік желілерде криминалдық контентті тарататын ықпалды түйіндерді анықтау және бағалау мәселесін шешуге бағытталған тұжырымдамалық модель одан әрі дамытылып, бұл модельдің аясында ұсынылған қағидаттар негізінде түйіннің әртекті контентіндегі семантикалық және эмоциялық сипаттар анықталды. Зерттеу жұмысының мақсаты – әлеуметтік желілерде криминалдық контент тарататын түйіндердің ықпалдылығын анықтайтын әдістерді зерттеу және әзірлеу, сондай-ақ осындай бағалау құралдарының тиімділігін арттыру.

**2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:**

*Ыдырышбаева Мөлдір Базарханқызы*

Диссертациялық жұмыс «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары», «Ақпараттық қауіпсіздік саясатына» сәйкес келеді. Берілген жұмыс Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің тапсырысы бойынша «Компьютерлік жүйелерге басып кіруді анықтаудың тиімділігін арттыру үшін Байес желілері негізінде шешімдер кабылдауды қолдау жүйесін әзірлеу» жобасының ғылыми-зерттеу жұмыстарының аясында орындалды, ЖТН AP 19174716. Басым бағыт: Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар. Мамандандырылған бағыт: Интеллектуалды басқару және шешім қабылдау жүйелері.

*Жұмабекова Айдана Төлеуқызы*

Диссертациялық жұмыс «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары», «Ақпараттық қауіпсіздік саясатына» сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев киберқылмыспен, соның ішінде кибералаяқтықпен күрестің маңызына тоқталды. Сонымен қатар киберқылмыстарды тергеуге қатысатын мемлекеттік органдардың құзыретін арттыру шараларына баса назар аударды.Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың жеке деректерін қорғауды және дербес мәліметтерді таратқаны үшін берілетін жазаны күшейтуді басты міндет ретінде атады. Сондай-ақ киберортадағы қауіпсіздік пен жауапты әрекет қағидаттарын халыққа кеңінен түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын күшейту қажет.

*Байспай Гүлшат Болатқызы*

Диссертациялық жұмыс «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары», «Ақпараттық қауіпсіздік саясатына» сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев жуырдағы Жолдауында Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыруды көздейтін міндет жүктегенін айтты. Бұл үшін кешенді шара қабылдау, соның ішінде киберқауіпсіздік саласында да ауқымды жұмыс атқару қажет. Мемлекет басшысы қазіргі заманғы киберқатерлер мен оған қарсы іс-қимыл әдістері, аса маңызды ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, киберқауіпсіздік индустриясын дамыту және кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелерін алға шығарды. Мемлекет басшысы стратегиялық тәуекелдерді азайтып, киберқауіпсіздік мәселелерін жүйелі түрде шешу мақсатында бірқатар шара қабылдауды тапсырды.

**3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

*Ыдырышбаева Мөлдір Базарханқызы*

«Bayesian_Net ШҚҚЖ» бағдарламалық кешені әзірленді, оған 01.06.2022 ж. № 27232 авторлық куәлік алынды. Ұсынылған ШҚҚЖ C++Builder және Delphi алгоритмдік тілдерінде объектіге бағытталған бағдарламалауды қолданумен ерекшеленеді (Rad Studio 10.4 жобалау ортасы). ШҚҚЖ икемді модульдік архитектураға ие, бұл КҚ саласында шешім қабылдауды қолдауды интеллектуалдаумен байланысты осы саладағы зерттеулерді жалғастыру үшін маңызды фактор болып табылады. ШҚҚЖ АҚ талдаушыларына ықтималдық тұжырымдарын қалыптастыруға және белгілер мен анықталған ауытқулар туралы әлсіз құрылымдалған деректер жағдайында кибершабуылдардың салдарын бағалау үшін БЖ пайдалану негізінде деректерді талдаумен байланысты мәселелерді кешенді шешуге мүмкіндік береді. Ұсынылған ШҚҚЖ Bayesian_Net ШҚҚЖ негізгі сипаттамаларын қанағаттандырады. Bayesian_Net ШҚҚЖ модельдер мен деректерді БЖ түрінде қолданады.

Bayesian_Net ШҚҚЖ КҚ саласындағы құрылымдалған және әлсіз құрылымдалған міндеттер үшін шешім қабылдауда шешім қабылдаушы тұлғаға көмектесуге арналған. Bayesian_Net ШҚҚЖ шешім қабылдаушы тұлға қабылдаған шешімдерді қолдайды, бірақ оларды алмастырмайды және шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін қолданылады.

*Жұмабекова Айдана Төлеуқызы*

Ұсынылған диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы қауіптерді анықтаудың құралдары, әдістері мен алгоритмдері саласындағы білімдер жиынтығына негізделген. Жұмыстың практикалық маңыздылығы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қауіптермен күресу және оларды анықтау үшін уәкілетті ұйымдар қолдана алатын әдіс түріндегі қолданбалы нәтижелерге негізделген.

*Байспай Гүлшат Болатқызы*

Зерттеудің практикалық құндылығы – криминалдық контентті тарататын түйіндерді анықтау мен бағалауға арналған әдістер мен бағдарламалық құралдарды әзірлеуде. Әлеуметтік желілер құрылымындағы ақпараттық түйіндердің ықпалын тақырыптық және семантикалық сипаттамаларды ескере отырып талдау ғылыми негізін жетілдіруде. Ұсынылған тұжырымдамалық модель эмоциялық және тақырыптық аспектілерді қоса алғанда, контенттің желілік және семантикалық талдауын біріктіру арқылы ықпалдылықтың дәстүрлі түсінігін кеңейтеді. Ұсынылған модельдер желіні автоматты түрде бақылауға, деструктивті ақпараттың негізгі таратушыларын анықтауға және қауіптерге жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

**4) Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің осы тәртіпке қойылатын талаптарын басшылыққа алды, атап айтқанда, тәуелсіздік принципі қатаң сақталды.

Диссертацияның мазмұнын зерделеу және рецензиялар жіберу үшін докторлық және ғылым кандидаты дәрежесі бар екі ресми рецензент және докторлық зерттеу саласында кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы тағайындалды.

Диссертациялық жұмыстарға тағайындалған ресми рецензенттер төменде көрсетілген.

*Ыдырышбаева Мөлдір Базарханқызы*

1. Бердібаев Рәт Шындалыұлы – Ақпараттық технологиялар институтының директоры, Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің саяси ғылымдар кандидаты, Киберқауіпсіздік кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

2. Сатыбалдина Дина Жагипаровна – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Ақпараттық қауіпсіздік және криптология» ҒЗИ директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (Астана қ., Қазақстан).

*Жұмабекова Айдана Төлеуқызы*

1. Бердибаев Рат Шындалиевич – Ақпараттық технологиялар институтының директоры, Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің саяси ғылымдар кандидаты, Киберқауіпсіздік кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

2. Ускенбаева Раиса Кабиевна – техника ғылымдарының докторы, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

*Байспай Гүлшат Болатқызы*

1. Куламбаев Бахытжан Оразалиевич – техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Тұран Университетінің Жоғары телекоммуникация мектебінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

2. Сейлова Нургуль Абадуллаевна – техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Компьютерлік технологиялар және киберқауіпсіздік» факультетінің деканы (Алматы қ., Қазақстан).

Диссертациялық кеңеске ұсынылған ресми рецензенттердің пікірлері зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді, ғылыми нәтижелерді, олардың негізділігі мен жаңалығын, сенімділік дәрежесі және алынған нәтижелердің апробациясын, жарияланымдардың болуын, сондай-ақ зерттеу туралы қорытындыны көрсетеді. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі көрсетіледі. Ресми рецензерттердің пікірлерінің көшірмелері докторанттарға тапсырылды және қорғау мерзіміне дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын университеттің интернет-ресурсында орналастырылды.

**5) Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Жоқ

**6) Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:**

| № | | «8D06301 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» |
|---|---|---|
| 1 | Қорғауға қабылданған диссертациялар | 3 |
| 2 | Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО) | - |
| 3 | Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар | - |
| 4 | Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО) | - |
| 5 | Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар | - |
| 6 | Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО) | - |
| 7 | Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар | - |
| 8 | Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар диссертациялар (оның ішінде баска ЖОО) | - |

Диссертациялық кеңестің төрайымы Мусиралиева Ш.Ж.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Болатбек М.А.

Мөр мерзімі _____ жылғы «____» «_____»